

Білім беру жүйесінде балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету 2023 Мектептер мен колледждерге арналған нормативтік НҰСҚАУЛЫҚ

Нұсқаулықтың 2022 жылы шыққан нұсқасы бүгінгі таңда өз күшінде. 2023 жылғы нұсқа 2023 жылдың 01 қыркүйегінен бастап өз күшіне енеді.

Мазмұны

Кіріспе

Бірінші тарау: барлық қызметкерлерге арналған нұсқаулық туралы ақпарат

Мектеп және колледж қызметкерлері нені білуі және не істеуі қажет?

Мектеп және колледж қызметкерлері нені білуі керек?

Мектеп және колледж қызметкерлері бала өміріне алаңдаушылық білдірген жағдайда не істеуі қажет?

Кіріспе

Бұл білім министрлігінің (бұдан әрі – «Департамент») 2002 жылғы Білім туралы Заңның 175-бөліміне (түзетулермен), 2014 жылғы білім туралы ережелерге (тәуелсіз мектеп стандарттары), қызмет көрсетілмейтін мектептер туралы 2015 жылғы ережелерге (Англия) және білім алушы, дағдылар, балалар және білім беруге қатысты 2009 (түзетулермен) Заңға сәйкес шығарылған ресми нұсқаулығы. Англиядағы мектептер мен колледждер мұны балалардың әл-ауқатын қорғау және насихаттау міндеттерін орындау кезінде ескеруі керек. Осы нұсқаулықтың мақсатына сай «балалар» сөзі ұғымына 18 жасқа дейінгі барлық адамдар кіреді.

Нұсқаулық туралы

Біз нұсқаулықта «міндетті» және «тиіс» терминдерін жиі қолданамыз. «Тиіс» деген сөз адамның заңға сәйкес әрекет етуі қажет болғанда, ал «міндетті» сөзі белгілі бір айтылған не берілген ұсынысты жүзеге асыру мақсатында қолданамыз. Нақты бір себептері болған кезде ғана өз бетінше әрекет етуі мүмкін. Нұсқаулықты төменде берілген құжаттармен бірге оқылуға тиіс:

- балаларды қорғау үшін бірлесіп жұмыс істейтін заңнамалық Нұсқаулық және

- Тәжірибешілерге арналған кеңестер - егер сіз баланың әлімжеттікке ұшырауына алаңдаушылық білдірсеңіз, не істеу керектігі туралы Департаменттің кеңесі.

Егер басқаша көрсетілмесе, келесі сөздер осы мағынада қолданылады:

- «Мектеп» сөзі: барлық мектептер, мейлі ол қолдау көрсетілетін, қызмет көрсетілмейтін немесе тәуелсіз мектептер болсын (академияларды, тегін мектептер мен баламалы қамтамасыз ету академияларын қоса алғанда), қолдау көрсетілетін балабақшалар¹ және оқушыларға бағыт-бағдар беру деген мағынаны білдіреді.
- «Колледж » сөзі 1992 жылғы «Қосымша және жоғары білім туралы» Заңға сәйкес құрылған қосымша білім беру колледждері мен алтыншы бөлім оқушыларына арналған колледждерді, сондай-ақ қосымша білім беру секторына жататын мекемелерді білдіреді². «Колледж» сөзі сонымен қатар білім алу, кәсіптік дағдылар, балалар және оқыту туралы заңда 2009 (түзетулермен)³ көрсетілгендей 16 жастан жоғары тұлғаларға білім беруші деген мағынаны да білдіреді: 16-19 жас аралығындағы білім алушылар, 16 жастан кейінгі тұлғаларға білім беретін арнайы оқу орындары және Тәуелсіз білім беру ұйымдары. Колледждерге келетін болсақ, ұсынылып отырған нұсқаулық осы мекемелерде білім алатын немесе кәсіптік білім алатын балаларға қатысты міндеттеріне қатысты қолданылады.

Жәбірленушілер және күдікті қылмыскер (лер)

Осы Нұсқаулықтың мақсатын жүзеге асыру үшін біз «жәбірленуші» терминін қолданамыз. Бұл кеңінен танылған және көпшілікке түсінікті термин. Мектептер мен колледждер жәбірлеу мен әлімжеттікке ұшырағандардың бәрі өздерін құрбан деп санамайтынын, не болмаса өздерін осылай атағандарын қаламайтынын мойындауы аса маңызды. Сайып келгенде, мектептер мен колледждер кез келген оқиғаны қарастырған кезде осы жағдайдан хабардар болулары керек, сонымен

¹ Бастауыш білім беру бағдарламасы (EYFS) барлық бастауыш білім берумен қамтамасыз ететін ұйымдар үшін міндетті болып табылады. Бұл барлық мектептерге, соның ішінде ерте жастан бастап оқытуды қамтамасыз ететін қолдау көрсетілетін балабақшаларға қатысты болады. Қолдау көрсетілетін балабақшалар, «Нұсқаулық туралы» бөлімінде көрсетілген басқа мектептер сияқты, балаларды қорғау және олардың әл-ауқатына жәрдемдесу міндеттерін орындау кезінде оқу процесінде балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету қажеттілігін ескеруі керек (2002 жылғы Білім туралы Заңның 175 (2) бабына сәйкес талап етілген жағдайда осы мәселе бойынша толығырақ ақпаратты 19-ескертпеден қараңыз).

² 1992 жылғы Қосымша және жоғары білім туралы Заңның 28-бабына сәйкес («арнайы оқу орындары»).

³ 2009 жылғы білім алушылар, кәсіптік дағдылар, балалар және білім беру туралы Заң (түзетулермен)

қатар белгілі бір балаға ыңғайлы, лайық келетін терминді қолдануға дайын болуы қажет.

Берілген ақыл-кеңестерді жүзеге асыру мақсатында біз кейбір жерлерде «күдікті қылмыскер (лер)» терминін және қажет болған жағдайда «орындаушы (лар)» терминін қолданатын боламыз. Бұл кеңінен қолданылатын және көпшілікке танылған терминдер, оларды орнымен қолдану нұсқаулықты тиімді құрастыруға өз ықпалын тигізеді. Дегенмен, мектептер мен колледждер терминологияны қолданар алдында алдын-ала ойланып, мұқият болулары керек, әсіресе олар балалардың алдында сөйлеген кезде, кем дегенде, кейбір жағдайларда қорлау сипатындағы іс-әрекеттер мен сол мәндегі сөздер құқық бұзушыға да теріс әсер етіп, өз зиян тигізуі мүмкін. Жоғарыда айтып өткеніміздей, мектептер мен колледждер әр жағдайдың өзіндік ерекшеліктерін ескере отырып, ұсынылған терминологияны орнымен қолдануы тиіс.

Бұл нұсқаулық кімге арналған?

Бұл нормативтік нұсқаулық оқылуы және сақталуы керек:

- 2009 жылы шыққан білім алушылар, кәсіптік дағдылар, балалар және білім беру туралы Заңда (түзетулермен) көрсетілгендей, 16 жастан кейін білім беру мекемелерін қамтитын қолдау көрсетілетін мектептер (қолдау көрсетілетін балабақшаларды қоса алғанда) мен колледждердің басқару органдары: 16-19 жас аралығындағы білім алушылар, 16 жастан кейінгі білім алушыларға арналған арнайы оқу орындары және тәуелсіз оқыту қызметтерін жеткізушілер;
- тәуелсіз мектептердің (академияларды, тегін мектептерді және баламалы қамтамасыз ету академияларын қоса алғанда) және қызмет көрсетілмейтін арнайы мектеп басшылары. Академиялар, тегін мектептер және баламалы қамтамасыз ету академиялары жағдайында Академия қоры иесі болады;
- оқушыларды бағыттау бөлімдерінің басқару комитеттері (PRU) және
- жоғары басшылық топтары

Барлық нұсқаулықта басқаша көрсетілмеген жағдайда, «басқару органдары мен меншік иелеріне» берілген сілтемелер басқару комитеттерін де қоса қамтиды.

Мектеп және колледж қызметкерлері

Мектеп пен колледжде жұмыс істейтін әрбір қызметкердің балалардың қауіпсіздігіне байланысты өз жауапкершіліктерін толықтай түсінулері өте маңызды. Басқару органдары мен меншік иелері балалармен тікелей жұмыс істейтін әрбір қызметкердің осы нұсқаулықтың 1 Тарауымен міндетті түрде таныс болуын қамтамасыз етуі тиіс. Басқару органдары мен меншік иелері өзара бірлестікте жұмыс істейтін жоғары басшылық топтарымен, әсіресе Тағайындалған қауіпсіздік жөніндегі басқару тобымен бірлесе отырып,

балалармен тікелей жұмыс істемейтін қызметкерлерінің осы нұсқаулықтың не 1 Тарауын, не А қосымшасымен (1 тараудың қысқартылған формасы) таныс болуын қамтамасыз етуге міндетті.

Бұл толығымен мектепке немесе колледж қызметімен тікелей байланысты. Сондай-ақ бұл білім беру орындарының балалардың әл-ауқатын қорғау және қолдау мақсатында өз қызметкерлері үшін қандай ұсыныстар ең тиімді болатынын бағалауға негізделеді.

Басқару органдары мен меншік иелері өз қызметкерлерін ұсынылып отырған нұсқаулықтың 1 тарауында көрсетілген (немесе қажет болған жағдайда А қосымшасында) жауапкершіліктері мен атқаратын рөлдерін нақты түсінуге ықпал ететін құралдармен қамтамасыз етуге тиіс. осы механизмдердің

Ұсынылып отырған нұсқаулық нені алмастырады?

Бұл нұсқаулық «Білім беру жүйесінде балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету 2022» нұсқаулығын алмастырады. Маңызды өзгерістер кестесі F қосымшасында келтірілген.

Бірінші бөлім: барлық қызметкерлерге арналған қауіпсіздік туралы мәлімет

Мектептер мен колледж қызметкерлері нені білуі және не істеуі керек

Балалардың мүдделері мен қауіпсіздіктерін қамтамасыз етуге бағытталған көзқарас

1. Мектептер мен колледждер және осы мекемелерде жұмыс істейтін барлық қызметкерлер балаларды қорғауға бағытталған жүйенің маңызды бөлігі болып табылады. Бұл жүйе «Балаларды қорғау бойынша бірлескен жұмыс» ресми нұсқаулығында жан-жақты сипатталған.

2. Балалардың әл-ауқатын қорғау және насихаттау – әрбір қызметкердің жауапкершілігі болып табылады.

Балалармен және олардың отбасыларымен тікелей байланыста болатын әрбір адам өз рөлін талапқа сай атқаруы керек. Өз міндетін тиімді атқару үшін барлық тәжірибешілер өз назарларының толығымен балаға бағытталғанына көз жеткізуі керек. Бұл дегеніміз, олар әрқашан баланың мүддесіне сәйкес келетін нәрселерді ескеруі қажет дегенді білдіреді.

3. Бірде-бір тәжірибеші баланың қажеттіліктері мен жағдайлары туралы толық ақпаратқа ие бола алмайды.

Балалар мен олардың отбасылары өздеріне қажетті уақытта керек көмекке қол жеткізе алуы үшін аталған тұлғалармен байланыста болатын әрбір адам орын

алған мәселені анықтауда, ақпарат алмасуда және жедел шаралар қабылдауда өз рөлін мүлтіксіз атқаруы керек.

4. Балалардың әл-ауқатын қорғау және оған жәрдемдесу осы нұсқаулықтың мақсаттарын жүзеге асыру үшін келесі формаларда айқындалады:

- балаларды зорлық-зомбылықтан, әлімжеттіктен қорғау
- балалардың психикалық және физикалық денсаулығының нашарлауының немесе дамуындағы жетіспеушіліктердің алдын-алу
- балалардың қауіпсіз және тиімді күтімге сәйкес жағдайларда өсіп-жетілуін қамтамасыз ету
- барлық балалардың жақсы нәтижеге қол жеткізулеріне мүмкіндік беретін шаралар қабылдау.

5. «Балалар» сөзі ұғымына 18 жасқа толмаған жасөспірімдердің барлығы кіреді.

Мектеп пен колледж қызметкерлерінің рөлі

6. Мектеп пен колледж қызметкерлері, әсіресе маңызды тұлғалар, өйткені олар туындайтын мәселелерді ерте анықтай алады, балаларға тиісті көмек көрсету мүмкіндігіне ие, олардың әл-ауқатына ықпал етумен қатар, мәселенің ушығып, өршіп кетуіне жол бермейді.

7. **Барлық** қызметкерлер балалар ештеңеге алаңдамай, сапалы білім алатын қауіпсіз ортаны қамтамасыз етуге жауапты.

8. **Барлық** қызметкерлер көмекке мұқтаж болуы мүмкін балаларды алдын-ала анықтауға дайын болуы керек. ⁴ Ерте көмек көрсету дегеніміз - бала өмірінің кез келген кезеңінде, өмірінің алғашқы жылдарынан бастап жасөспірім кезеңіне дейін, қандай да мәселе орын алған уақытта қолдау көрсету.

9. Баланың әл-ауқатына қатысты **қандай да бір** алаңдаушылық білдірген **кез келген қызметкер** 51-67-тармақтарда көрсетілген процедураларға сәйкес әрекет етуге міндетті. Қызметкерлер кез келген бағыттан кейін әлеуметтік қызметкерлер мен басқа мекемелердің қолдауына сенуі керек.

10. **Әрбір** мектеп пен колледжде қызметкерлерге күзет міндеттерін орындауда қолдау көрсететін және балаларды әлеуметтік қорғау бойынша жергілікті басқарма сияқты басқа да қызметтермен тығыз қарым-қатынас жасайтын тағайындалған күзет жетекшісі болуы керек.

11. Тағайындалған күзет жетекшісі (және кез келген орынбасарлар) күзет туралы толық ақпаратқа ие болатын бірден-бір мамандар болып табылады, сондықтан да күзетпен байланысты мәселелерге жауап беру бойынша кеңес бере алатын ең лайықты тұлға болып саналады.

12. 2012 жылғы мұғалімдерге арналған стандартта мұғалімдер (мектеп директорларын қоса алғанда) балалардың әл-ауқатын қамтамасыз етуі және

⁴ ерте көмек көрсету туралы толық ақпаратты «балаларды қорғау бойынша бірлескен жұмыс» нұсқаулығының 1-тарауынан табуға болады.

өздерінің кәсіби міндеттері шеңберінде мұғалім мамандығына қоғамдық сенімді сақтауы керек делінген.⁵

Мектептер мен колледж қызметкерлері нені білуі керек

13. **Барлық** қызметкерлер өз мектебіндегі немесе колледжіндегі күзет қызметіне қолдау көрсететін кез келген жүйе туралы жетік білуге міндетті және қызметкерлерге нұсқау беру шеңберінде бұл мәселе толық, жан-жақты түсіндірілуі керек. Оның құрамында төмендегі мәліметтер қамтылуы қажет:

- балаларды қорғау саясаты (ол басқа мәселелермен қатар балалардың бір-біріне әлімжеттік жасауы, төбелесуі, қатыгездікпен күресу саясаты мен процедураларын қамтуы керек)
- мінез-құлық саясаты (бұзақылықтың, соның ішінде алалаушылық пен кемсітушіліктің алдын-алу шараларына негізделген кибербуллингті қамтуы керек)⁶
- қызметкерлердің мінез-құлық саясаты (кейде мінез-құлық кодексі деп аталады), басқалармен қатар, төмен деңгейдегі мәселелерді, қызметкерлерді айыптауды және халықты хабардар етуді қамтуы керек.
- мектепке бармайтын балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету шаралары, әсіресе қайталанатын және / немесе ұзақ уақытқа созылған жағдайларда.
- Тағайындалған күзет жетекшісінің (тағайындалған күзет жетекшісінің кез келген орынбасарларын қоса алғанда) рөлі.

Саясат көшірмелері мен осы құжаттың Бірінші бөлімінің көшірмесі (қажет болған жағдайда А қосымшасының көшірмесі де) **барлық** қызметкерлерге қолжетімді болуға тиіс.

14. **Барлық** қызметкерлер өз жұмыстарына кіріспес бұрын, алдын-ала бала қауіпсіздігі мен қорғауына қатысты тиісті оқытудан өтуге тиіс (оның ішінде, онлайн қауіпсіздік, атап айтқанда, бақылау мен қадағалауға қатысты жауапкершілік пен өз рөлін тиісінше атқара білуі, күтілетін нәтижені түсінуі қамтылады – толығырақ ақпарат алу үшін 141 тармақты қараңыз).

Оқытудан өту мерзімі үнемі әрі тұрақты жаңартылып отыруға тиіс. Бұған қосымша, **барлық** қызметкерлер бала қауіпсіздігі мен қорғауына қатысты соңғы

⁵ мұғалімдерге арналған стандарттар: QTS бағытында жұмыс істейтін интерндерге; заңмен белгіленген сынақ кезеңінен өтуші барлық мұғалімдерге (жаңа білікті мұғалімдер [NQTs]); сонымен қатар қолдау көрсетілетін мектептердегі мұғалімдерге, соның ішінде білім беретін арнайы мектептерде (мектеп мұғалімдерін аттестаттау) (Англия) 2012 жылғы Ережеге сай қолданылады.

⁶ Барлық мектептерде мінез-құлық саясаты болуы керек (толық ақпарат осы нұсқаулықта берілген). Егер колледж мінез-құлық саясатын енгізу туралы шешім қабылдаса, жоғарыда айтып өткеніміздей, бұл жағдай барлық қызметкерлерге дер кезінде жеткізілуі тиіс.

жаңалықтардан хабардар болып отыруы қажет (онлайн режимдегі қауіпсіздікті қоса алғанда), талап етілген жағдайда (мәселен, емейлдер, электронды бюллетеньдер арқылы, сонымен қатар қызметкерлер жиналысында), сондай-ақ жыл сайын балаларды тиімді түрде қорғау әрекеттерін жүзеге асыра алу мақсатында қызметкерлерді тиісті біліммен және дағдылармен қамтамасыз етіп отыруды үздіксіз жалғастыру.

15. **Барлық** қызметкерлер ерте көмек көрсету процесінен хабардар болып, оны жүзеге асыру барысындағы өздерінің рөлін нақты білулері әрі түсінулері қажет.

16. **Барлық** қызметкер жергілікті өзін-өзі басқару органдарының балаларды әлеуметтік қорғау органдарына жіберу процесі туралы және 1989 жылғы балалар туралы Заңға сәйкес, әсіресе 17-бөлімге (мұқтаж балалар) және 47-бөлімге (айтарлықтай зиян келтірілген немесе келтірілуі мүмкін бала) сәйкес міндетті тексерулер жүргізу туралы хабардар болуы керек. Сонымен қатар, қызметкерлерге осындай бағалау процесінде өздеріне жүктелген міндеттерін мүлтіксіз атқарып шығу міндеттеледі.

17. Егер бала қызметкерлерге өзінің қорлық, жәбір көргенін, ауыр жұмысқа жегілгені немесе қараусыз қалғанын айтса, **барлық** қызметкерлер мұндай жағдайда қандай шара қолдану керектігін білуі керек. Қызметкерлер өздеріне жеткізілген ақпараттың құпиялылығын тиісті деңгейде сақтау талаптарын қалай жүзеге асыру қажеттігінен алдын-ала хабардар болуға тиіс. Яғни, бұл іске тікелей қатысуға міндетті тұлғаларға ғана белгілі болады, мысалы, тағайындалған күзет басшысын (немесе оның орынбасарын) және үкімет тарапынан жергілікті балаларды әлеуметтік қорғау қызметін тарту қажеттігін білдіреді. Қызметкерлер ешқашан балаға оның айтып берген зорлық-зомбылықтарының қандай да бір түрі туралы ешкімге айтпайтындығына уәде бермеуі керек, өйткені бұл сайып келгенде баланың мүдделеріне сәйкес келмеу жағдайларының орын алуы мүмкін.

18. **Барлық** қызметкерлер жәбірленушілерді өз қиындығын жария еткеннен кейін оларға байыпты қарайтындығына және қажетті қолдау көрсетілетініне, сонымен қатар қауіпсіздікпен қамтамасыз етілетініне сендіре алуы керек. Жәбірленуші ешқашан қатыгездік пен / немесе немқұрайлылықтың **кез келген** түрін хабарлау арқылы қандай да бір қиындық тудырдым деген әсерде қалмауы керек. Сондай-ақ, жәбірленушіні мәлімдеме жасағаны үшін ешқашан ұятқа қалдыруға болмайды.

19. **Барлық қызметкерлер** балалардың зорлық-зомбылық, келісімсіз ауыр жұмысқа жегу немесе немқұрайлылық туралы өзгелерге қалай айту керектігін білмеуі немесе білмеуі мүмкін екенінен хабардар болуға тиіс және / немесе олар өз басынан өткізген тәжірибелерін зиянды деп санамауы мүмкіндігін де ескерулері қажет. Мысалы, балалардың өзгелерге мәлімдеме жасауға ұялуы,

қорлануы немесе қауіп-қатерге ұшырауы мүмкін. Бұл олардың осалдығымен, мүгедектігімен де байланысты болуы ықтимал⁷. Мұның барлығы қызметкерлерге кәсіби қызығушылық танытуға және балаға қатысты қандай да бір алаңдаушылық білдірсе, тағайындалған қауіпсіздік жетекшісіне жүгінуге кедергі болмауы керек. Сондай-ақ, қызметкерлердің балалармен және жастармен қарым-қатынасты жеңілдететін сенімді қарым-қатынасты қалай тиімді құру керектігін анықтауы маңызды.

Ерте көмек беру кезінде мектептер мен колледж қызметкерлері неге назар аударуы керек

20. **Кез келген** балаға ерте көмек көрсетіп, күтім жасау пайдалы болуы мүмкін, бірақ мектептер мен колледждердің барлық қызметкерлері балаға ерте көмек көрсетудің ықтимал қажеттілігіне ерекше назар аударуы керек:

- мүгедек немесе денсаулығында белгілі бір ақауы бар және ерекше қосымша қажеттіліктерге ие
- арнайы білім беру қажеттіліктері бар (олардың заңда көзделген білім беру, денсаулық сақтау және күтім жоспарының болуына байланысты болмайды)
- психикалық хал-ахуалы ерекше күтімді қажет етеді
- жас қамқоршы
- қоғамға қарсы немесе қылмыстық істерге қатысы бар екендігін көрсететін белгілері бар, соның ішінде, бұзақы, қылмыстық топтарға мүше болуы және ұйымдасқан қылмыстық топтармен немесе аумақтық билік өкілдерімен тығыз қарым-қатынаста болуы
- көбінесе із-түзсіз жоқ болып кетеді немесе бақылаудан қашып жүреді, өз үйінен қашып жүреді / үйінде тұрмайтын болады
- қазіргі құлдық, адам саудасы, жыныстық немесе қылмыстық қанау секілді қауіпті әрекеттердің құрбаны болу қаупі
- радикалдану немесе жұмысқа өз келісімінсіз жегілу қаупі бар

⁷ Міндетті бағалаулар туралы толық ақпаратты «Балаларды қорғау бойынша бірлескен жұмыс» және / немесе жыныстық бағдар немесе тілдік кедергілер туралы жазылған 1-тараудан табуға болады.

- отбасы мүшесі түрмеде немесе ата-анасының құқық бұзушылықтарынан зардап шеккен
- баланың нашақорлық пен алкогольді ішімдіктерді пайдаланатын, психикалық денсаулығына қатысты мәселелері бар ересектердің және тұрмыстық зорлық-зомбылық сияқты қиындықтарды тудыратын отбасылық жағдайларда болуы.
- алкогольді және басқа да есірткілерді өздері шектен тыс көп пайдаланады
- үйінен кетіп қалған соң қайтадан өз отбасына оралуы
- әйелдердің жыныс мүшелерін кесу немесе мәжбүрлі некеге тұру сияқты «арнамысты» қорлау қаупі бар
- жеке тәрбиедегі бала немесе
- мектеп күнінің белгілі бір бөлігінде бармауын қоса алғанда, сабақтарда үнемі болмайды.

Қатыгездік және қараусыз қалу

21. **Барлық** қызметкерлер зорлық-зомбылық пен қараусыз қалу белгілері туралы білуі керек (төменде қараңыз), балалар мектеп / колледж, үй және одан да басқа тыс жерлерде, сондай-ақ Интернетте зиян келтіру қаупіне ұшырауы мүмкін екенін түсінуге тиіс. Кәсіби қызығушылық таныту және не іздеу керектігін білу қатыгездік пен қараусыздық жағдайларын ерте анықтау үшін өте маңызды, сол арқылы қызметкерлер балаларға көмек немесе қорғауды қажет ететін жағдайларды анықтай алады.

22. Мектептер мен колледждердің **барлық** қызметкерлері зорлық-зомбылық, қараусыз қалу және қорғаныс проблемалары өздігінен жеке жүзеге асатын сирек кездесетін тәуелсіз құбылыстар екенін және оларды бір анықтамамен немесе бір белгімен қамту мүмкін еместігін білуі керек. Көп жағдайда бірнеше проблемалар бір-бірінің үстіне қабаттасып келуі жиі ұшырасатын жайт.

23. **Барлық** қызметкерлер, соның ішінде, әсіресе тағайындалған күзет басшысы (және орынбасарлары) балалардың отбасыларынан тыс жағдайларда қатыгездік немесе қанау әрекеттеріне ұшырау қаупі бар-жоғын ескеруі керек. Отбасынан тыс болатын қауіп-қатер әртүрлі формада болады және балалар көптеген зиянды іс-әрекеттерге төтеп бере алымайтындай әлсіз, осал болулары әбден мүмкін, соның ішінде (бірақ мұнымен шектелмейді) жыныстық зорлық-зомбылыққа (қудалау мен жұмысқа жегуді қоса алғанда), өздерінің жақын қарым-қатынастарындағы тұрмыстық зорлық-зомбылыққа (жасөспірімдер арасындағы

зорлық-зомбылық), қылмыстық істерге пайдалануда, жастар арасындағы ауыр зорлық-зомбылыққа, аумақтық шекаралар және радикалдану істерінде.

24. Барлық қызметкерлер еңбекті және әл-ауқатты қорғау мәселелерінде технологияның аса маңызды компонент екенін білуі керек. Балалардың бетпе-бет зорлық-зомбылық әрекеттеріне және онлайн формада да қауіп-қатерге тап болу қаупі бар. Көптеген жағдайларда шектен тыс пайдалану және басқа да тәуекелдер бір уақытта желіде де, оффлайн режимде де орын алып жатады. Сондай-ақ, балалар басқа балаларды желіде отырғанда, яғни онлайн формада, қорлауы мүмкін, бұл қорлау, қудалау және мисогинистік хабарламалар, ұятсыз суреттерді келісімсіз бөлісу, әсіресе әлеуметтік желілердің түрлі хабар алмасу топтарында, сонымен қатар мұндай мазмұнды алғысы келмейтіндермен қорлайтын суреттер мен порнографияны бөлісу түрінде болуы мүмкін.

25. Барлық жағдайларда, егер қызметкерлер сенімді болмаса, олар әрқашан тағайындалған күзет басшысына немесе оның орынбасарына хабарласуы керек.

Қатыгездік пен қараусыз қалу белгілері

26. Қатыгездік: балаға қатыгездікпен қараудың бір түрі. Біреу балаға қатыгездік көрсетуі немесе оған зиян келтіруі немесе зиянның алдын алу үшін әрекетсіздік танытуы арқылы немқұрайлы қарауы мүмкін. Зиян физикалық тұрғыда күш қолданбай жүзеге асырылатын қатыгездік арқылы келтірілуі ықтимал, сондай-ақ басқа адамдарға қатысты зорлық-зомбылықты бақылаудың салдарын қамтуы мүмкін. Бұл мәселе аса өзекті болуы мүмкін, мысалы, балаларға тұрмыстық зорлық-зомбылықтың барлық түрлерінің қолданылуына байланысты болуы ықтимал. Балаларға отбасында, мекемеде немесе қоғамдастықта өздері білетін немесе жақсы таныс емес басқа адамдар тарапынан зорлық-зомбылық көрсетілуі мүмкін. Өз күшін асыра пайдалану толығымен онлайн режимде болуы әбден ықтимал немесе технологияны оффлайн режимде шектен тыс пайдалануды жеңілдету үшін жүзеге асыруға болады. Балаларға ересек немесе ересектер тобынан, не болмаса басқа бала, не балалар тобынан қатыгездік көрсетілуі мүмкін.

27. Физикалық зорлық-зомбылық: баланы ұрып-соғу, сілкілеу, лақтыру, улау, күйдіру немесе буға күйдіру, суға батыру, тұншықтыру не болмаса басқа да физикалық зиян келтіру әрекеттерін қамтуы мүмкін қатыгездік түрі. Ата-ана немесе қамқоршы балаға күтім жасау барысында оның ауру белгілерін әсірелеп көрсетуі не болмаса әдейі ушықтыру арқылы физикалық зиян келтіруі мүмкін.

28. Эмоционалды зорлық-зомбылық: баланы эмоционалды деңгейде үнемі қорлауы оның эмоционалды дамуына өз кедергісін келтіріп, ауыр және жағымсыз салдарға әкеп соқтырады. Бұл балаға оның ештеңеге тұрмайтынын немесе оны ешкімнің жақсы көрмейтінін, кемтар екенін немесе басқа адамның қажеттіліктерін қанағаттандыра алатын дәрежеде ғана бағаланатынын айтуды қамтуы мүмкін. Бұл балаға өз пікірін білдіруге мүмкіндік бермеуді, аузын әдейі жауып, сөйлеуге мұрша бермеу немесе оның айтқанын, не болмаса оның өзгелермен жасаған қарым-қатынасын «мазақ ету» әрекеттерін қамтуы мүмкін. Мұның барлығы балалардың жасына немесе оның даму деңгейіне сәйкес келмейтін ата-ана үмітіне байланысты болуы мүмкін. Олар баланың даму мүмкіндіктерінен тыс өзара әрекеттесуді, сондай-ақ шамадан тыс қамқорлықты және зерттеу мен оқу мүмкіндіктерін шектеуді, не болмаса баланың қалыпты әлеуметтік өзара әрекеттесуіне кедергі келтіруді қамтуы ықтимал. Бұл басқа адамға қатысты жасалған зорлық-зомбылық әрекетін көргеніңізге немесе сол туралы естігеніңізге байланысты болуы мүмкін. Бұл балаларды жиі қорқытуды немесе қауіп-қатерді сезінуге, сондай-ақ балаларды өз келісімінсіз жұмысқа жегуге немесе бүлдіруге әкелетін қатты қорқытумен (соның ішінде кибербуллингпен) байланысты болуы мүмкін. Эмоционалды зорлық-зомбылықтың белгілі бір деңгейі балаға қатысты зорлық-зомбылықтың барлық түрлерінде кездеседі, дегенмен кей жағдайларда оның өздігінен пайда болуы да әбден ықтимал.

29. Жыныстық зорлық-зомбылық: баланы немесе жас жігітті зорлық-зомбылықпен байланысты емес жыныстық әрекеттерге мәжбүрлеуді немесе бала не болып жатқанын білсе де, білмесе де, сондай әрекеттерге азғыруды қамтиды, Әрекеттерге физикалық байланыс, соның ішінде ену шабуылы (мысалы, зорлау немесе ауызша жыныстық қатынас) немесе мастурбация, сүю, ысқылау, укалау және киімсіз жанасу сияқты енбей жасалатын әрекеттер кіруі мүмкін. Олар кейде сондай-ақ балаларды жыныстық бейнелерді көруге немесе сондай әрекеттерді жасауға тарту, жыныстық әрекеттерді бақылау, балаларды жыныстық қатынасқа түспейтін әрекеттерді жасауға немесе зорлық-зомбылыққа дайындық кезінде балаға күтім жасау сияқты байланыссыз әрекеттерді қамтиды. Сексуалдық зорлық-зомбылық онлайн режимінде болуы мүмкін және технология оффлайн режимде зорлық-зомбылықты жеңілдету үшін пайдаланылуы ықтимал. Жыныстық зорлық-зомбылықты ересек ер адамдар ғана жасамайды. Әйел адамдар дар басқа балалар сияқты жыныстық зорлық-зомбылық әрекеттерін жүзеге асыра алады. Басқа балалардың өзге балаларға жыныстық зорлық-зомбылық көрсетуі білім берудегі қауіпсіздіктің ерекше мәселесі болып

табылады және барлық қызметкерлер бұл туралы, сондай-ақ өз мектебінің немесе колледжінің онымен күресу саясаты мен процедуралары туралы білуі керек.

30. Қараусыз қалу: бала денсаулығының немесе дамуының елеулі нашарлауына әкелуі мүмкін баланың негізгі физикалық және / немесе психологиялық қажеттіліктерін қанағаттандыра алмау. Жүктілік кезінде немқұрайлылық пайда болуы мүмкін, мысалы, ананың есірткіні шектен тыс көп пайдалануы. Бала туылғаннан кейін қараусыз қалуы ата-анасының немесе қамқоршысының қабілетсіздігімен байланысты болуы мүмкін жағдай: жеткілікті тамақтануды, киім мен баспананы қамтамасыз ету (үйден шығаруды немесе қараусыз қалдыруды қоса алғанда); баланы физикалық және эмоционалдық зиян шегуден немесе қауіптен қорғау; тиісті қадағалауды қамтамасыз ету (соның ішінде жеткіліксіз тәрбиешілерді пайдалану); немесе тиісті медициналық көмекке немесе емдеуге қол жеткізуді қамтамасыз етіңіз. Бұл сондай-ақ баланың негізгі эмоционалды қажеттіліктерін елемеуді немесе оларды елеп-ескермеу әрекеттерін қамтуы мүмкін.

Қауіпсіздік мәселелері

31. Барлық қызметкерлер балаларға зиян келтіру, қауіп-қатерге ұшыраудан қорғануға қатысты мәселелер туралы хабардар болуы керек. Есірткіні пайдалану және / немесе алкогольді асыра пайдалану, білім беру орындарына бармай, әдейі сабақтан қалу, ауыр зорлық-зомбылық (соның ішінде аумақтық шектеулермен байланысты), радикалдандыру және жалаңаш және жартылай жалаңаш суреттерді және / немесе бейнелерді өзара келісім бойынша бөлісу сияқты іс-әрекеттердің орын алуы⁸ балаларға қауіп төніп тұрғанының белгілері болуы мүмкін. Төменде барлық қызметкерлер білуі керек кейбір қауіпсіздік жайттары берілген. Күзет мәселелеріне қатысты қосымша ақпарат және басқа да қауіпсіздік бойынша мәліметтер В қосымшасына енгізілген.

Баланың балаға қатыгездік танытуы

32. Барлық қызметкерлер балалардың басқа балаларға зорлық-зомбылық көрсетуі мүмкін екенін білуі керек (көбінесе «бала мен бала» арасындағы қатыгездік әрекеттің орын алуы деп аталады) және бұл мектепте немесе колледжде де, интернетте де болуы әбден ықтимал. Барлық қызметкерлер мектептің немесе колледждің балаларға қатысты зорлық-зомбылық саясаты мен процедураларын, сонымен қатар баланың қауіп-қатерге ұшырауы мүмкін деп санайтын

⁸ Суреттерді өзара келісім бойынша бөлісу, әсіресе бір жастағы үлкен балалар арасында, басқа реакцияны қажет етуі мүмкін. Бұл әрекеттер зорлық-зомбылық болмауы мүмкін, дегенмен балалар оның заңсыз екенін білуі керек, ал келісімсіз әрекеттер заңсыз және қорлау болып табылады. UKCIS жалаңаш және жартылай жалаңаш суреттер мен бейнелерді орналастыру бойынша егжей-тегжейлі ұсыныстар береді.

жағдайларда оның алдын алу мен әрекет етудегі маңызды рөлін нақты түсінетіндігін көрсетуге тиіс.

33. Барлық қызметкерлер өздері қызмет ететін мектеп пен колледждерінде осы мәселеге қатысты хабарламалар болмаса, бұл мұндай іс-әрекеттің орын алмайтындығын білдірмейді, кей жағдайларда бұл туралы хабарламаулары әбден мүмкін нәрсе. Осылайша, егер қызметкер бір баланың екінші балаға қатысты қатыгездік әрекет жасауы мүмкін деп алаңдаушылық білдіретін болса, ең алдымен өз тағайындалған күзет басшысымен (немесе оның орынбасарымен) сөйлесуі керек.

34. Барлық қызметкерлер балалардың орынсыз мінез-құлқымен күресудің маңыздылығын түсінуі қажет, сөз болып отырған іс-әрекеттердің көпшілігі төменде берілген және олардың көпшілігі адамды жәбірлеп, қорлайтын іс-әрекеттер. Жыныстық күш көрсету әрекеттерін «жай әзілдеу», «жай күлу», «өсудің бір бөлігі» немесе «ұлдар ұл болып қалады» деп байыпты қарамай, дабыл қағылуға тиісті іс-әрекеттерге немқұрайлы қарап, жеткілікті назар аудармау түбінде орынсыз мінез-құлық көрінісінің норма болуына, балалар өміріне қауіпті органның қалыптасуына әкеп соқтырады. Ең сорақысы, зорлық-зомбылық пен жәбірлеуді балалар қалыпты жағдай ретінде қабылдайды да, нәтижесінде бұл туралы айтпайды ересектерге айтуды қажет деп санамайтын болады.

35. Баланың балаға қатыгездік таныту әрекеттеріне төменде берілген көріністерді қамтуы мүмкін, дегенмен осы тізіммен шектелмеуі әбден мүмкін:

- жәбірлеу, әлімжеттік көрсету (оның ішінде алалаушылық пен кемсітушілікке негізделген кибербуллинг те бар)
- балалар арасындағы жыныстық тұрғыдан қатыгездік әрекеттің орын алуы (кейде «жасөспірімдер арасындағы қатыгез қарым-қатынас» деген атаумен белгілі)
- физикалық тұрғыда күш жұмсау, мысалы: ұру, тепкілеу, сілкілеу, тістеу, шашты жұлу немесе басқа да физикалық күш көрсету арқылы зиян келтіру (мұндай физикалық зорлық-зомбылықтың орын алуына ықпал ететін, қауіп төндіретін және / немесе ынталандыратын онлайн элементтерді де қамтуы мүмкін).
- жыныстық зорлық-зомбылық⁹, мысалы, зорлау, ену шабуылы және жыныстық зорлау әрекеттері; (бұл жыныстық зорлық-зомбылықты жеңілдететін,

⁹ жыныстық зорлық-зомбылық туралы қосымша ақпаратты 5-бөлімнен және В қосымшасынан қараңыз.

қорқытатын және / немесе ынталандыратын онлайн элементтердің де болуы әбден мүмкін)

- жыныстық зорлау әрекеттері, қудалау¹⁰, мысалы, жыныстық сипаттағы пікірлер, жауаптар, әзілдер және интернеттегі жыныстық қудалау, олар тәуелсіз немесе кең ауқымды теріс пайдалану схемасының бөлігі болуы мүмкін
- біреуді келісімсіз жыныстық қатынасқа мәжбүрлеу, мысалы, біреуді шешінуге, жыныстық қатынасқа түсуге немесе үшінші тұлғамен жыныстық қатынасқа түсуге мәжбүрлеу
- жалаңаш және жартылай жалаңаш суреттерді және / немесе бейнежазбаларды өзара келісім бойынша және ескертусіз бөлісу¹¹ (сонымен қатар секстинг немесе жастар жасаған сексуалдық суреттер деп те аталады)
- жалаңаштану¹², ол әдетте адамның жыныс мүшелерін немесе бөкселерін жыныстық қанағаттану үшін қарау немесе жәбірленушіні қорлау, азап шегу немесе мазасыздық тудыру мақсатында оның рұқсатынсыз адамның киімінің ішкі жағынан суретке түсіруді қамтиды, сонымен қатар
- инициация / жас ерекшелігін пайдалана отырып зорлық-зомбылық көрсету және түрлі рәсімдерді жүзеге асыру (бұл адамды топқа қосу тәсілі ретінде қолданылатын қудалау, қатыгездік таныту немесе қорлау әрекеттерін қамтуы мүмкін, сонымен қатар онлайн элементті қамтуы мүмкін).

Балаларды сексуалдық қарым-қатынаста пайдалану (CSE) және балаларды қылмыстық істерде пайдалану (CCE)

36. Балаларды сексуалдық қарым-қатынаста пайдалану (CSE) және балаларды қылмыстық істерде пайдалану (CCE) - бұл зорлық-зомбылық пен қатыгездік әрекет таныту формасының бір түрі болып табылады, мұнда жеке адам немесе ұйымдасқан топ мүшелері биліктегі теңгерімсіздікті баланы мәжбүрлеуге, билеп-төстеуге немесе алдау әрекеттеріне қолдана отырып, жәбірленушіге қажет немесе оның қалаған нәрсесіне айырбастау үшін жыныстық немесе қылмыстық әрекеттерге қатысуға итермелейді, мәселен, қаржылық пайда табу және \ немесе орындаушының не меншік иесінің мәртебесін жоғарылату мақсатында, не болмаса күштеу немесе зорлық-зомбылық жасау қаупін төндіру арқылы қалаған мақсаттарына қол жеткізеді. Балаларды сексуалдық қарым-қатынаста пайдалану

¹⁰ жыныстық қудалау туралы қосымша ақпаратты 5-бөлімнен және В қосымшасынан қараңыз.

¹¹ UKCIS нұсқаулығы: білім беру мекемелері үшін жалаңаш және жартылай жалаңаш суретке түсу әрекеттерінің алдын-алуға қатысты кеңестермен бөлісу

¹² «Киімін шешу» туралы қосымша ақпаратты В қосымшасынан қараңыз.

(CSE) және балаларды қылмыстық істерде пайдалану (CCE) ер адамдармен қатар әйелдерге де әсер етуі мүмкін, сонымен қатар балаларға да қатысты болады, әдетте бұл тұрғылықты мекенжайынан басқа жерге келісімсіз жұмысқа жегу, құлдықта ұстау мақсатында көшірілген балаларға қатысты болмақ (әдетте бұл әрекет адам саудасы деп аталады).

Балаларды қылмыстық істерде пайдалану (CCE)

37. Балаларды қылмыстық істерде пайдаланудың (CCE) кейбір нақты формалары балаларды есірткі немесе ақшаны аумақ шекаралары арқылы тасымалдауға мәжбүрлеуді немесе билеп-төстеуді, каннабис зауыттарында жұмыс істеу, дүкен ұрлығы немесе қалта ұрлығы әрекеттерін қамтуы мүмкін. Олар сондай-ақ көлік қылмысын жасауға немесе басқаларды қорқыту /ауыр зорлық-зомбылық әрекеттерін жасауға мәжбүр болуы мүмкін.

38. Балалар мұндай мәжбүрлі пайдалану әрекетінің құрбаны болуы мүмкін, өйткені қылмыскерлер жәбірленушілерге (және олардың отбасыларына) зорлық-зомбылықпен қауіп төндіруі немесе оларды алдап, өз тұзақтарына түсіріп, қарыздарын төлеуге мәжбүр етуі себеп болады. Олар пышақ секілді суық қаруды алып жүруге мәжбүр болуы мүмкін немесе басқалардың тарапынан жүзеге асырылатын зиянды әрекеттерден қорғану үшін де пышақ алып жүруді әдетке айналдыруы ықтимал. Қылмыстық мәжбүрлеу әрекеттерге қатысы бар балалар көбінесе өздері қылмыс жасайтындықтан, олардың жәбірленуші ретіндегі осалдығын ересектер мен мамандар (әсіресе үлкен балалар) әрдайым біле бермейді және олар өздері келтірген зиянына қарамастан жәбірленуші ретінде қарастырылмайды. Кейде тіпті бұл әрекеттері өздерінің келісімімен жүзеге асып жатқандай көрінетіндігіне қарамастан, олар әлі де қылмыстық мәжбүрлеу әрекеттеріне күштеп, өз ықтиярынсыз қатысуы мүмкін.

39. Қылмыстық зорлық-зомбылыққа, мәжбүрлеу әрекетіне ұшыраған қыздардың хал-ахуалы ұлдардың жағдайынан мүлдем өзгеше болуы мүмкін екенін ескеру өте маңызды. Осы іске қатысты көрсеткіштердің сәйкес келмеуі мүмкін, бірақ мамандар қыздардың да қылмыстық зорлық-зомбылыққа, мәжбүрлеу әрекетіне ұшырау қаупі бар екенін білуі керек. Сондай-ақ, қылмыстық зорлық-зомбылыққа, мәжбүрлеу әрекетіне ұшыраған ұлдар мен қыздардың сексуалдық құлдыққа түсу қаупінің жоғары болуы мүмкін екенін ескеру маңызды.

Балалардың сексуалдық құлдыққа салынуы (CSE)

40. Балалардың сексуалдық құлдыққа салынуы (CSE) - бұл балаларға жасалатын жыныстық зорлық-зомбылықтың, күштеудің бір түрі. Сексуалдық зорлық-зомбылық физикалық байланыстарды, соның ішінде екінші тараптың келісімінсіз

жыныстық қатынас жасау, яғни ену шабуылын (мысалы, зорлау немесе ауызша жыныстық қатынас) немесе мастурбация, сүйісу, ысқылау және сыртқы киімге қол тигізу сияқты еруге жатпайтын әрекеттерді қамтуы мүмкін. Бұл қылмыс түрлері балалармен тікелей қарым-қатынасқа түспей жасалатын әрекет түрлерін қамтуы ықтимал, мәселен, балаларды сексуалдық мазмұндағы суреттер салуға итермелеу немесе оларды сексуалдық бейнелерге қарауға, не болмаса жыныстық әрекеттерге еркінен тыс қарап тұруға мәжбүрлеу, балаларды жыныстық қатынасқа шақыратын іс-қимылдар жасауға немесе баланы зорлық-зомбылыққа, соның ішінде Интернет арқылы дайындау әрекеттері.

41. Балалардың сексуалдық құлдыққа салынуы (CSE) уақыт өте келе орын алуы мүмкін немесе бір реттік құбылыс та болуы ықтимал, сонымен қатар баланың тікелей хабардар болмай, мысалы, олардың бейнелерін немесе суреттерін әлеуметтік желілерде бөлісетін басқа адамдар арқылы да жүзеге асып жатуы мүмкін.

42. Балалардың сексуалдық құлдыққа салынуы (CSE) жыныстық қатынасқа түсуге мәжбүр болған кез келген балаға әсер етуі мүмкін. Бұған заңды түрде жыныстық қатынасқа келісім бере алатын 16 және 17 жастағы жасөспірімдер кіреді. Кейбір балалар өздерінің сексуалдық қылмыс құрбаны болып жатқанын түсінбеуі де мүмкін, мысалы, олар екінші тараппен шынайы романтикалық қарым-қатынаста жүргендігіне кәміл сенеді.

Тұрмыстық зорлық-зомбылық

43. Тұрмыстық зорлық-зомбылық мінез-құлықтың кең спектрін қамтуы мүмкін, сонымен қатар ол оқшауланған оқиға немесе бірқатар оқиғалар ретінде көрініс теруі ықтимал. Бұл зорлық-зомбылық психологиялық, физикалық, жыныстық, қаржылық немесе эмоционалды болуы мүмкін, бірақ осы берілген тізіммен де шектеліп қалмайды. Балалардың тұрмыстық зорлық-зомбылықтың, күш көрсетіп, әлімжеттік жасаудың құрбаны болған жағдайлар жиі кездеседі. Олар өз үйінде орын алған зорлық-зомбылық пен күш көрсетудің салдарының куәсі болғандықтан, барлығын естіп, біліп жүреді не болмаса жүректерімен іштей сезінеді және / немесе өздері де екінші бір жақын адамымен арада болатын жақын қарым-қатынастарында тұрмыстық зорлық-зомбылық пен қатыгездіктен зардап шегеді (жасөспірімдердің қарым-қатынасындағы зорлық-зомбылық). Мұның бәрі олардың денсаулығына, әл-ауқатына, дамуына және оқу қабілетіне зиянын тигізіп, ұзақ мерзім бойы әсер етуі мүмкін.

Әйел адамның жыныс мүшелерін сүндеттеу операциялары (ӘЖМС)

44. **Барлық** қызметкерлер тағайындалған Денсаулық сақтау басшысына (немесе оның орынбасарына) әйел адамның жыныс мүшелерін сүндеттеу операциялары (ӘЖМС) туралы кез келген алаңдаушылық білдірген кезде хабарласуға міндетті болса, мұғалімдерге осы жағдайға қатысты **ерекше заңды міндет жүктеледі**.¹³ Егер мұғалім өзінің кәсіби қызметі барысында әйел адамның жыныс мүшелерін сүндеттеу әрекеті 18 жасқа дейінгі қызға қатысты жасалғанын анықтаған болса, мұғалім бұл жағдай туралы полицияға хабарлауы керек.

Психикалық денсаулық

45. **Барлық** қызметкерлер баланың психикалық денсаулығында болатын қиындықтар оның кейбір жағдайларда зорлық-зомбылықтан, қараусыз қалудан немесе қанаудан зардап шеккенін немесе зардап шегуі мүмкін екенін көрсететін көрсеткіш екендігінен хабардар болуға тиіс.

46. Тек біліктілігі бар, қажетті дайындықтан өткен мамандар ғана психикалық денсаулыққа қатысты диагноз қоюға тырысулары қажет. Алайда, білім беру қызметкерлерінің балаларды бақылауға ала жүріп, олардың арасынан психикалық денсаулығына байланысты проблемалар туындауы мүмкін немесе оның даму қаупі бар екенін көрсететін балаларды анықтауға жақсы мүмкіндіктері бар. Мектептер мен колледждер қосымша психиатриялық көмекке мұқтаж балаларды анықтауға көмектесетін көптеген кеңестерге қол жеткізе алады, оның ішінде сыртқы мекемелермен жұмыс істеу мүмкіндігіне де ие болады.

47. Егер қызметкерлер қауіпсіздіктің кепілі болып табылатын баланың психикалық денсаулығына алаңдаушылық білдіретін болса, олар балаларды қорғау саясатына сәйкес жедел шаралар қабылдап, тағайындалған басшыға немесе оның орынбасарына жүгінуі керек.

Ауыр зорлық-зомбылық, күш қолдану

48. **Барлық** қызметкерлер балаларға жасалатын ауыр зорлық-зомбылық, күш қолдану қылмыстары жасалуы ықтимал немесе өмірлеріне қауіп төндіретінін іс-әрекетке қатысы барын білдіретін көрсеткіштер туралы хабардар болуы керек. Мұндай іс-әрекеттер қатарына мектепте немесе колледжде сабаққа келмеу күндері санының артуы, егде жастағы адамдармен немесе топтармен арадағы

¹³ 2003 жылғы әйелдер жыныс мүшелерін сүндеттеу туралы Заңның 5В (11) (а) бөліміне сәйкес Англияға қатысты "мұғалім" деп Англияда 2002 жылғы Білім туралы Заңның 141А (1) бөліміне жататын адам (мектептерде және басқа мекемелерде оқытушылық жұмысты орындау үшін жалданған немесе жалданған адамдар) түсініледі).

достық және қарым-қатынастың өзгеруі, оқу үлгерімінің айтарлықтай төмендеп кетуі, өз денсаулығына зиян келтіру белгілері немесе әл-ауқаттың айтарлықтай өзгеруі, не болмаса шабуыл жасау белгілері, немесе түсініксіз жарақаттардың пайда болуы жатуы мүмкін. Түсініксіз берілген сыйлықтар немесе жаңа мүліктің кенеттен пайда болуы да балаларға қылмыстық желілермен немесе бұзақылармен байланысы бар адамдардың жүгінгенін немесе оларға қатысы бар екенін, сондай-ақ балаларға қылмыстық қанау қаупі төнуі мүмкін екенін көрсетуі мүмкін.

Қосымша ақпарат және қолдау

49. Департамент ұсынатын кеңес «Егер сіз баланың зорлық-зомбылыққа ұшырауы мүмкін деп алаңдаушылық танытатын болсаңыз, не істеу керек – мамандарға қатыгездік және немқұрайлылық таныту әрекеттерін түсіну және анықтау бойынша кеңес беру. Ықтимал қатыгездік пен қажетті қамқорлықтың көрсетілмеуінің нақты мысалдары барлық нұсқаулықтарда жазылған, бұл жазбалар, әсіресе мектеп пен колледж қызметкерлері үшін пайдалы болады. NSBPK веб-сайтында да зиянды заттарды пайдалану мен немқұрайлылық, сонымен қатар қандай әрекеттерге назар аудару керектігі туралы пайдалы қосымша ақпарат та беріледі.

50. В қосымшасында теріс пайдаланудың нақты нысандары мен қорғау мәселелері бойынша маңызды қосымша ақпарат берілген. Мектеп және колледж басшылары, сондай-ақ балалармен тікелей жұмыс істейтін қызметкерлер В қосымшасын міндетті түрде оқуға тиіс.

Егер мектеп пен колледж қызметкерлерінің баламен қарым-қатынасында қандай да бір қиындықтар орын алса, не істеуі керек

51. Балалармен жұмыс істейтін қызметкерлерге берілетін кепілдіктерге қатысы болуы мүмкін ұстанымды ұстану ұсынылады. Баланың әл-ауқатына қамқорлық жасай отырып, қызметкерлер әрқашан **баланың мүддесі үшін** әрекет етуі керек.

52. Егер қызметкерлер баланың әл-ауқатына қатысты **қандай да бір алаңдаушылық білдіретін болса**, олар соған сәйкес **шұғыл әрекет етуі** керек. Бала туралы алаңдаушылық танытқан жағдайда, 22-бетте қызметкерлер үшін аталған процесті сипаттайтын схеманы қараңыз.

53. Егер қызметкерлер қандай да бір қиындықтармен бетпе-бет келетін болса, олар өз ұйымдарының балаларды қорғау саясатын ұстанып, тағайындалған күзет басшысына (немесе оның орынбасарына) жүгінуі керек.

54. Төмендегідей нұсқалары болуы ықтимал:

- мектеп немесе колледж ішіндегі кез келген баланы қолдауды басқару пасторлық қолдау процестері
- ерте көмек беру әрекетін жүргізілуін бағалау¹⁴,
- заңмен қарастырылған қызметтерге жолдама беру¹⁵, мысалы, баланың көмекке мұқтаж болуы; дәл сол сәтте көмекке мұқтаж, зардап шегуде немесе зардап шегуі мүмкін.

55. Кепілдіктер бойынша тағайындалған жауапты қызметкер (немесе оның орынбасары) әрқашан кепілдіктер туралы мүмкіндіктерге ие болуы керек. Егер айрықша жағдайларда басшының (немесе оның орынбасарының) қауіпсіздігін қамтамасыз етуге жол берілмесе, ол тиісті шаралар қабылдауды кешіктірмеуге тиіс. Қызметкерлер аға басшылар тобының мүшесімен сұхбаттасуды және / немесе жергілікті балаларды әлеуметтік қорғау органдарының кеңестерін пайдалануды қарастыруы керек. Мұндай жағдайларда кез келген қабылданған шаралар кепілдіктерді қамтамасыз етуге жауапты тағайындалған адамның (немесе оның орынбасарының) назарына мүмкіндігінше тезірек жеткізілуге тиіс.

56. Қызметкерлер балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін өзінің әріптесі немесе мамандар санатындағы басқа қызметкер шара қолданады немесе маңызды болуы мүмкін деген ақпаратпен бөліседі деп ойламауы керек. Олар ақпаратпен ерте алмасудың қаншалықты маңызды рөл атқаратынынан хабардар болуға тиіс, себебі ол әрекет өз кезегінде анықтау, бағалау және тиісті қызмет түрлерін таратуда тиімді әсер етеді. Мұның барлығының алғашқы мәселелер туындаған уақытта немесе жергілікті өзін-өзі басқару органдары баланың әлеуметтік қамсыздандыру жүйесінде (мысалы, мұқтаж бала немесе қорғауға алынуға тиісті бала) тіркелгендігі туралы білгеніне қарамастан жүзеге асырылуға тиіс. Ақпаратпен алмасу: балаларға, жастарға, ата-аналарға және қамқоршыларға қауіпсіздік қызметтерін ұсынатын практик-мамандарға, ақпаратпен алмасу туралы шешім қабылдайтын қызметкерлерге кеңес беру. Бұл ұсыныстарға 2018

¹⁴ Уақтылы көмекті бағалау, ерте кезеңде көмек көрсету бойынша қызметтер көрсету және қызметтерге қол жеткізу туралы қосымша ақпарат балаларды қорғау жөніндегі бірлескен жұмыстың 1-тарауында қамтылған.

¹⁵ Балаларды қорғау жөніндегі бірлескен жұмыстың 1-тарауында кепілдіктерді қамтамасыз ету жөніндегі әріптестер істі бағалау үшін және 17 және 47-баптарға сәйкес заңда көзделген қызметтерді ұсыну үшін жергілікті балаларды әлеуметтік қорғау органдарына беруге тиіс жағдайларда қажеттіліктер деңгейін қоса алғанда, өлшемшарттарды қамтитын шекті құжатты жариялауға тиіс деп көзделеді. Жергілікті өзін-өзі басқару органдары серіктестерімен бірлесіп бағалау үшін жергілікті хаттамаларды әзірлеп, жариялауы керек. Жергілікті хаттамада баланы жергілікті әлеуметтік қорғау органдарына бергеннен кейін істерді қарау рәсімдері нақты жазылуға тиіс.

жылғы деректерді қорғау туралы Заңға (DPA) және Ұлыбританияның деректерді қорғаудың жалпы ережесіне (UK GDPR) қатысты ақпарат алмасу мен ойлаудың жеті алтын ережесі кіреді.

57. Біріккен Корольдіктің Мәліметтерді қорғау заңы және Жалпы мәліметтерді қорғауды реттеу заңы (UK GDPR) балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету және олардың әл-ауқатына жәрдемдесу мақсатында ақпарат алмасуға кедергі келтірмейді. Егер сіздің ақпаратты біріге отырып қолдануға қатысты күмәніңіз болса, қызметкерлер тағайындалған қауіпсіздік басшысымен (немесе оның орынбасарымен) сөйлесуі керек. Ақпарат алмасуға қатысты алаңдаушылық балалардың әл-ауқатын қамтамасыз ету және жақсарту қажеттілігіне кедергі келтіруіне жол беруге болмайды.

Ерте көмек беруді бағалау

58. Егер ерте көмек беру орынды болса, күзет қызметінің тағайындалған басшысы (немесе оның орынбасары), әдетте, басқа мекемелермен байланыста болу және тиісті жағдайларда мекемеаралық бағалау жүргізу жөніндегі жұмыстарды басқарады. Қызметкерлерден басқа мекемелер мен мамандарға ерте көмек беру әрекетіне бағалау жүргізуде қолдау көрсету талап етілуі мүмкін, кейбір жағдайларда қызметкерлердің жетекші маман ретінде әрекет етуі кездеседі. Кез келген осындай жағдайларды үнемі назарда ұстаған жөн, сонымен қатар егер баланың жағдайы жақсармаса немесе нашарлайтын болса, заңда көзделген қызметтерді алу мәнін бағалау үшін балаларды жергілікті әлеуметтік қорғау органдарына жіберу туралы мәселені қарастыру керек.

Балаларды әлеуметтік қамсыздандыру саласындағы міндетті бағалау мен қызметтер

59. Егер бала зардап шегетін болса немесе қиналып жүрген болса, жергілікті балаларды әлеуметтік қорғау органына шұғыл жүгіну (және қажет болған жағдайда полицияға) аса маңызды әрекет болып табылады. Дәрігерге жолдама алу жергілікті процесс шеңберінде жүзеге асырылуы қажет.

60. Жергілікті өзін-өзі басқару органдары балаларға көрсететін әлеуметтік көмекті бағалау кезінде балаларға үйден тыс жерде зиян келтірілген жағдайларды ескеру қажет, сондықтан мектептер мен колледждердің мамандарға жолдама беру процесінде мүмкіндігінше көп ақпарат беруі маңызды. Бұл кез келген бағалауға барлық қолда бар дәлелдерді қарастыруға мүмкіндік береді, сонымен қатар осындай залалдарды жою үшін контекстік тәсілді қолдануға мүмкіндік

береді. Қосымша ақпарат мына жерде қол жетімді: Контекстік қорғау (Contextual Safeguarding).

61. «Балаларға жасалған қатыгездік іс-әрекет туралы Жергілікті кеңеске хабарлау» онлайн құралы ақпаратты тиісті жергілікті билік ұйымдарының бала күтімі жөніндегі әлеуметтік қызметінің байланыс нөмірі бойынша жібереді.

Мұқтаж балалар

62. Мұқтаж бала 1989 жылғы балалар туралы Заңға сәйкес денсаулығы не дамуы тұрғысынан ақылға қонымды деңгейге жетуі немесе сақтап қалуы екіталай, немесе денсаулығы мен дамуы қажетті көмек көрсетілмеген жағдайда айтарлықтай не бұрынғы қалпынан да нашарлап кету қаупіне ие не болмаса мүгедек бала ретінде анықталады. Жергілікті өзін-өзі басқару ұйымдары мұқтаж балаларға олардың әл-ауқатын қорғау және қолдау мақсатында қызмет көрсетуге міндетті. Мұқтаж балаларды 1989 жылғы балалар туралы Заңның 17-бабына сәйкес тексерістен өткізуге болады.

Айтарлықтай зиян келтірілген не болмаса келтірілуі мүмкін балалар:

63. Жергілікті билік, қажет болған жағдайда, балаға айтарлықтай зиян келтірілді немесе келтірілуі мүмкін деп күдіктенуге себеп болатын негізге ие болған жағдайда, басқа ұйымдардың көмегімен, 1989 жылғы балалар туралы Заңның 47-бабына сәйкес тергеу жүргізуге міндетті. Мұндай тергеулер оларға баланың әл-ауқатын қорғау және насихаттау үшін қандай да бір әрекет жасау керек немесе керек еместігін нақты шешуге мүмкіндік береді, сонымен қатар бұл тергеу істері қатыгездік туралы алаңдаушылық туындаған жағдайларда да жүргізілуі тиіс. Бұл қатыгездік пен баланың күтімсіз қалуының барлық түрлерін қамтиды.

Жергілікті билік не істей алады?

64. Жолдаманы алған сәттен бастап бір жұмыс күні ішінде жергілікті билік ұйымының әлеуметтік қызметкері өтініш берушіге оны алғанын растауға және келесі жасалатын қадамдар мен қандай жауап беретіндігі туралы шешім қабылдауға тиіс. Бұл оның балаға қатысты толық мәлімет жинақтауына септігін тигізеді:

- бала дереу өзін қорғауды қажет етеді және шұғыл әрекет ету керек
- балаға қандай қызметтер көрсетілуі керек, сонымен қатар оның отбасына қандай қызмет түрлері ұсынылуы қажет

- бала көмекке мұқтаж және балалар туралы 1989 жылғы Заңның 17-бабына сәйкес тексеруден өтуі керек

«Балаларды қорғау бойынша бірлескен жұмыс» нұсқаулығының бірінші тарауында бағалау процесі егжей-тегжейлі сипатталған

- Балаға айтарлықтай зиян келтірілген немесе келтірілуі мүмкін деп күдіктенуге ақылға қонымды себептер бар және 1989 жылғы балалар туралы Заңның 47-бабына сәйкес баланың жай-күйін тексеру және бағалау қажеттілігін анықтау. Балалар қауіпсіздігі («Safeguard Children») нұсқаулығының бірінші тарауы бойынша жасалған бірлескен жұмыс бағалау процесі туралы толық ақпарат береді, сонымен қатар:

- жергілікті билікке одан әрі әрекет ету туралы шешім қабылдауға көмектесу үшін мамандардың қосымша бағалауы қажет екендігін көрсетеді.

65. Егер осы айтылған ақпарат келіп түспесе, ұсыныс беруші шара қолдануы керек.

66. Егер әлеуметтік қызметкерлер Заңмен белгіленген бағалауды жүргізу қажеттігі жөнінде шешім қабылдаса, қызметкерлер бұл бағалауды қолдау үшін қолдан келгеннің бәрін жасауы керек (қажет болған жағдайда тағайындалған күзет басшысының (немесе оның орынбасарының) қолдауымен).

67. Егер жолдама арқылы тиісті мекемеге жіберілгеннен кейін де баланың жағдайы жақсармаған болса, баланы жіберген адам оның проблемалары шешілгенге дейін, сонда-ақ, ең бастысы, баланың жағдайы жақсарғанына көз жеткізу үшін жергілікті күшейту процедураларын қолдануға кірісу жолдарын қарастырғаны жөн.

Есеп жүргізу

68. Барлық алаңдаушылықтар, талқылаулар мен қабылданған шешімдер, сонымен қатар осы шешімдерді қабылдауға негіз болған себептердің барлығы жазбаша түрде жазылуы керек. Бұл мектептің немесе колледждің істі қалай қарағаны туралы шағымдарға жауап беру кезінде де көмектеседі. Ақпарат құпия болуға және сенімді жерде сақталуға тиіс. Әр сәби үшін шағымдар мен ұсыныстарды балаларды қорғау туралы бөлек-бөлек жеке файлда сақтау жақсы тәжірибе болып табылады.

Жазбалар төменде берілген мәліметтерді қамтуы керек:

- мәселенің нақты және жан-жақты берілген мазмұны
- мәселенің қалай қаралғаны және шешілгені туралы толық ақпарат және

- кез келген орындалған әрекеттер, қабылданған шешімдер мен нәтижелер туралы жазба.

69. Егер сізде жазба талаптарына қатысты қандай да бір күмәніңіз болса, қызметкерлер оны тағайындалған күзет қызметінің басшысымен (немесе оның орынбасарымен) талқылауы керек

Мұның бәрі неге соншалықты маңызды?

70. Қауіпсіздікке байланысты тәуекелдерді жою, проблемалардың шиеленісуіне жол бермеу және балалардың әл-ауқатына ықпал ету үшін балалардың қажетті уақытта тиісті көмек алуы өте маңызды. Зерттеулер мен істерді байыпты талдау тиімді шараларды дер кезінде қабылдамау әсерінен қауіп-қатердің орын алатындығын көрсетті¹⁶. Маңызды істерді қарау туралы қосымша ақпаратты «Балаларды қорғау бойынша бірлескен жұмыс» нұсқаулығының төртінші тарауынан табуға болады. Тиімсіз тәжірибеге төменде келтірілген мысалдарды келтіруге болады:

- қатыгездік пен қараусыз қалған балаға төнген қауіптің алғашқы белгілеріне назар аудармау және олар туралы хабарлауға ден қоймау
- есеп жүргізуде олқылықтардың болуы
- баланың пікірін тыңдау білу қабілетінің болмауы
- жағдайдың жақсармай жатқандығына қарамастан, проблемаларды қайта бағалай алмау
- агенттіктер ішінде және олардың арасында өажетті адамдармен ақпарат бөліспеу
- ақпарат алмасудың өте баяу жүзеге асырылуы және
- ешқандай әрекет жасамайтындар үшін ешқандай шараның қолданылмауы.

Мектептер мен колледж қызметкерлерінің қауіпсіздікке қатысты алаңдаушылықтары немесе басқа қызметкерлерге қоятын талаптары болған жағдайда, қандай шара қолдануға тиіс

71. Мектептер мен колледждер қызметкерлерге қатысты кез келген қауіпсіздік мәселелерін немесе талаптарын (қаншалықты маңызды емес) шешу үшін

¹⁶ Өте қиын жағдайлардың талдауымен мына сілтеме бойынша танысуға болады gov.uk/government/publications/analysis-of-seriouscase-reviews-2014-to-2017

процестер мен процедуралармен алдын-ала қамтамасыз етуі керек (жеткізушілерді, еріктілерді және мердігерлерді қоса алғанда).

72. Егер қызметкерлер қауіпсіздікке қатысты алаңдаушылық білдіретін болса немесе басқа қызметкерлердің (оның ішінде жабдықтаушылар, еріктілер мен мердігерлер) балаларға зиян келтіретіні немесе зиян келтіру қаупін тудыратыны туралы мәлімдемеге ие болса, ондай жағдайда:

- бұл туралы мектеп директорына немесе мектеп директорының орынбасарына хабарлау керек
- егер мектеп директорына қатысты алаңдаушылық / мәлімдемелер болса, бұл туралы Басқарушылар кеңесінің төрағасына, басқару комитетінің төрағасына немесе тәуелсіз мектеп иесіне хабарлау қажет және
- директор тәуелсіз мектептің жалғыз иесі болған кезде немесе мектеп директорына проблема туралы хабарлау кезінде мүдделер қақтығысы туындаған жағдайда, мектеп директорына қатысты алаңдаушылық/мәлімдеме болған жағдайда тікелей тағайындалған жергілікті билік өкіліне (билік өкілдеріне) хабарлау керек (ТЖБӨ - LADO).

Жергілікті тағайындалған жергілікті билік өкілі (ТЖБӨ - LADO) туралы толық ақпарат жергілікті өзін-өзі басқару ұйымының веб-сайтында оңай қолжетімді болуы керек.

73. Егер қызметкерлердің басқа қызметкердің қауіпсіздігі туралы немесе ол туралы алаңдаушылық білдіретін болса (оның ішінде жабдықтаушылар, еріктілер немесе мердігерлер), онда бұл туралы мектептің немесе колледждің төменгі деңгейдегі мәселелерге қатысты саясатына сәйкес хабарлау керек. Қосымша ақпаратты осы Нұсқаулықтың төртінші бөлімінен табуға болады.

Егер мектеп немесе колледж қызметкерлері мектеп пен колледждің қауіпсіздігіне қатысты алаңдаушылық білдіретін болса, мұндай жағдайда аталған мекеме қызметкерлері не істеуі керек

74. Барлық қызметкерлер мен еріктілер мектептің немесе колледждің күзет режимінің осал тұстары немесе ықтимал бұзылулар қаупі болуы туралы алаңдаушылық білдіруге қабілетті болуы керек және мұндай алаңдаушылықты жоғары басшылық тобының байыпты қабылдайтынына сенімді болулары қажет.

75. Мектептің немесе колледждің жоғары басшылығының назарына жеткізу үшін осындай проблемалар туралы хабардар етудің тиісті рәсімдері қолданысқа енгізілуге тиіс.

76. Егер қызметкер өз жұмыс берушісімен мәселені талқылай алмайтынын сезсе немесе оның шынайы алаңдаушылығы ескерілмейтінін сезген жағдайда, оған басқа ақпарат арналары ашық болады:

- көпшілікті ақпараттандыру бойынша жалпы ұсыныстарды мына сілтеме бойынша табуға болады: көпшілікті ақпараттандыру бойынша ұсыныстар
- NSPCC-тің «қатыгездік әрекетінің орын алғанын хабарлау үшін не істей аласыз» арнайы көмек желісі компания ішіндегі балаларды қорғаудағы олқылықтар туралы алаңдаушылық білдіре алмайтын немесе олардың мектебінде, не колледжінде мәселенің қалай шешілетініне алаңдайтын қызметкерлер үшін балама маршрут ретінде қолжетімді. Қызметкерлер 0800 028 0285 нөміріне қоңырау шала алады – желі таңғы 8:00-ден кешкі 20:00-ге дейін, дүйсенбіден жұмаға дейін және электрондық пошта арқылы қолжетімді: help@nspcc.org.uk.¹⁷

¹⁷ сонымен қатар, қызметкерлер мына мекен-жайға жаза алады: балаларға қатысты зорлық-зомбылықтың алдын алу жөніндегі ұлттық қоғам (NSPCC), Weston House үйі, Curtain көшесі, 42, Лондон, EC2A 3NH.

Балаға қатысты алаңдаушылық болған кездегі әрекеттер

<p>Қызметкер бала өміріне қатысты алаңдаушылық білдірген кезде шұғыл түрде қандай да бір шара қолдануға көшеді. Қызметкерлер бала қауіпсіздігіне қатысты саясатты басшылыққа ала отырып, тағайындалған күзет басшысымен¹⁸ пікір алмасады.</p>		<p>Мектеп \ колледж тарапынан жасалатын іс-әрекет</p>	
		<p>Өзге мекемелер тарапынан жасалатын іс-әрекеттер</p>	
<p>Арнайы жолдама қажет емес, мектеп не колледж тәрбиеге қатысты қолдау көрсететін шара қолданады және \ немесе ерте көмек беру¹⁹ әрекетін жүзеге асырып, жергілікті бақылауға алады</p>	<p>Егер алаңдаушылық қайталанатын болса, арнайы жолдама²⁰ қажет</p>	<p>тағайындалған күзет басшысы немесе қызметкерлер балаларға әлеуметтік көмек көрсету ұйымына жолдама жібереді (қажет болған жағдайда, полиция қызметкерімен байланысу)</p>	
<p>1 жұмыс күні шеңберінде әлеуметтік ұйым қызметкері мәселеге байланысты талап етілген жауап әзірлеуге міндетті</p>			
<p>Бала шұғыл көмекке зәру: жауап алушы хабардар етіледі</p>	<p>47 тармаққа²¹ сәйкес сұраныс жіберу: жауап алушы хабардар етіледі</p>	<p>17 тармаққа сәйкес сұраныс жіберу: жауап алушы хабардар етіледі</p>	<p>Ресми бағалауды қажет етпейді: жауап алушы хабардар етіледі</p>

¹⁸ Қызметкерге қатысты алаңдаушылық немесе теріс пайдалану туралы шағыммен байланысты жағдайларда осы Нұсқаулықтың төртінші бөлігін қараңыз

¹⁹ Ерте көмек беру дегеніміз - баланың өмірінің кез келген кезеңінде туындаған қиындықпен күресуге қолдау көрсету. Балаға Үйлестірілген ерте көмек беру пайдалы болған жағдайда, ертерек көмекке ведомствоаралық бағалау жүргізілуі керек. «Балаларды қорғау бойынша бірлескен жұмыстың» бірінші тарауында ерте көмек көрсету процесі туралы толық нұсқаулық бар.

²⁰ Жолдама жергілікті шекті құжатта және жергілікті бағалау хаттамасында баяндалған процеске сәйкес жүзеге асырылуға тиіс. Бірінші тарау балаларды қорғау бойынша бірлескен жұмыс туралы.

²¹ 1989 жылғы балалар туралы Заңға сәйкес жергілікті өзін-өзі басқару органдары мұқтаж балаларға олардың әл-ауқатын қорғау және ынталандыру мақсатында қызмет көрсетуге міндетті. Мұқтаж балаларды 1989 жылғы балалар туралы Заңның 17-бабына сәйкес тексеруге болады. 1989 жылғы балалар туралы Заңның 47-бабына сәйкес, егер жергілікті билік баланың зардап шегеді немесе айтарлықтай зиян келтіруі мүмкін деп күдіктенуге ақылға қонымды негіз болса, олар баланың әл-ауқатын қорғау немесе насихаттау үшін шаралар қабылдау керектігін анықтау үшін тергеу жүргізуге міндетті. Толық ақпарат «Балаларды қорғау бойынша бірлескен жұмыстың» бірінші тарауында берілген.